«Ерлік істері өлмейді» Талғат Жақыпбекұлы Бегильдиновтың 100 жылдығына арналып сынып сағаттары өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CaPFx0-t0tl/?igsh=MWo2aWlpdGZ6dXNrNg==>

<https://www.instagram.com/p/CaQ8EqPqT8g/?igsh=aWxmMzRrenFqZW8x>

ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына арналған Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. (2021-2022)

<https://www.instagram.com/p/CaBohvitIOI/?igsh=ajZwdDIyaWtuMHIX>

«Ерлік істері өлмейді» тақырыбында 7Б сыныбы сынып сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CaUL8cuNUTH/?igsh=MXA5dzVsY3F4bTR0Zg==>

6Б сыныбы «Ел есінде ер болса, өшпес мәңгі ерлігі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CaUNM3bNspL/?igsh=azh0MDFrOTUza3Jl>

1-наурыз –Алғыс айту күні. Алғыс айтудың шексіздігі.

Мақсаты: оқушылардың сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

<https://www.instagram.com/p/CajSq9ztFnM/?igsh=b3hrOGhyYXMwenZj>

Мектепалды даярлық тобының ұйымдастыруымен алғыс айту күніне арналған «Достығымызға рахмет» көңілді сабағын өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CajYb1otGwE/?igsh=OTJremRodWdlcnJh>

3А сыныбы «Алғыс, елдің бәріне» сурет көрмесін ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/CajZQdbNSZt/?igsh=YWoxeXRxcGxicmx3>

1-мамыр мерекесіне арналған іс-шара ұйымдастырылды. 4 Б сыныбы асфальтқа сурет салды. Сынып жетекшілердің ұйымдастырылуымен 1 мамыр бейбіт күніне

байланысты сынып сағаттарын өткізді. <https://www.instagram.com/tv/COU2ML-NHFd/?igsh=Nm56NnV3YXB3Mmhk>

<https://www.instagram.com/tv/COSxT4CHJow/?igsh=NTRhcWwxbHptdHdw>

<https://www.instagram.com/tv/COB4SXaHlvg/?igsh=aDZqM28yZThrbDFt>

Ұлы Жеңіске 77 жылдығы және Отан қорғаушылар күніне арналған «Патриот» Қорғаныс Бұқаралық айлығының жұмыс жоспар жасалынып, бекітілді. Жоспар бойынша айлықтың ашылу лездемесі өткізілді.

<https://www.instagram.com/tv/COB4ovfnc3Y/?igsh=MWJvc2w2aDVjamozyQ==>

<https://www.instagram.com/tv/COB4ovfnc3Y/?igsh=MWJvc2w2aDVjamozyQ==>

«Жас Ұлан» ұйымының «Бабалар ерлігі ұмытылмайды» тақырыбы аясында аудан мұражайына саяхат жасалса, «Ауыр жылдар салған жара» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. (2021-2022)

<https://www.instagram.com/p/COedtwqFc-/?igsh=MW5neTFuY2YxeGRINA==>

<https://www.instagram.com/p/COej0-Fn5Hn/?igsh=bXlzZjl0dndzam12>

<https://www.instagram.com/p/COfSqMHN8mk/?igsh=azZxZGExZnVrdGdt>

Ауданымыздың тұрғына, Ұлы Отан соғысының ардагері Асанов Мұқатай жайлы қызы Г.М.Асановамен сыр сұхбат өткізілді.

<https://www.instagram.com/tv/COpA5FVHAw8/?igsh=MXd0djZ3NGppMG1uNg==>

https://www.instagram.com/p/COuH_7pHHOe/?igsh=b2hhamcweTRjbTMz

25 мамыр мектеп бітіруші түлектердің «Сыңғырла соңғы қоңырау» үнімен атты салтанатты жиын өткізілді. (2022-2023)

<https://www.instagram.com/p/CQGrW6pBp3w/?igsh=MTZwbHnjaHFqbHEzdw==https://www.instagram.com/p/Cd-94dlt1GJ/?igsh=cmY2cmZ5b2wzNnV5>

Жаздың шуақты күндерімен бірге балалар лагері де өз жұмыстарын бастады. Жазғы демалыс маусымы – балалар үшін ерекше қуанышты сәт. Балалардың демалысын тиімді өткізу және оларды демалдыру жыл сайын дәстүрге айналған шара. Мектебімізді «Мөлдір бұлақ» мектеп жанындағы сауықтыру лагері әдеттегідей өз жұмысын 1 маусым күнінен басталды. (2021-2022)

<https://www.instagram.com/tv/CQ5G44QhNgv/?igsh=Z2I2bTR5cHIyZmp4>

<https://www.instagram.com/p/CRnW4SIH8eF/?igsh=MXhwbmhhhd2VkJ3NINw==>

<https://www.instagram.com/tv/CR3BCYuHJTO/?igsh=MW1tcngxNDk4aWs3NA==>

4 маусым рәміздер күні. Мақсаты: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Оқушыларды Отансүйгіштік, адамгершілік, халқына адал қызмет ету, елінің рәміздерін қастерлеу қасиеттері арқылы сүйіспеншілік жалпыадамзаттық құндылығына тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/CeWJ0rDtvoh/?igsh=MWFsb2hnemx4aHB3aw==>

<https://www.instagram.com/p/CeXt46rKwmT/?igsh=NzJ5ZGRkMjRvdzZl>

Мектептегі білім алушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады, оқушылардың жоғары патриоттық санасын қалыптастыру бойынша жүйелі және мақсатты іс-әрекетті білдіреді.

Жалпы мектептік істердің мазмұны "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушылардың өзін-өзі танытуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға

бағытталды. "Рухани жаңғыру" бағдарламасына негізделген қазақстандық білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің ерекшелігін ескере отырып, басты бағыт – жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу болып табылады. Бұл бағыт Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы бар патриот пен азаматтың қалыптасуына ықпал етеді. Іске асыру механизмі-білім беру кеңістігін ұйымдастырудың әр түрлі формалары мен мазмұнын кеңейту:- Патриоттық айлық.

- Тақырыптық апталар.

- Әлеуметтік, қайырымдылық акцияларды әзірлеу және орындау (игі істер марафоны).

Акцияны іске асыра отырып, түрлі іс-шаралар өткізілді, олар мектептің барлық контингентін қамтиды және оқушылардың мүдделеріне сәйкес келеді.«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында мынадай маңызды іс-шаралар жүзеге асырылуда."Рухани жаңғыру"бағдарламасы аясында Сананың ашықтығы бағыты бойынша мектеп тәлімгері Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығы аясында 9 сыныптар арасында «Ұлттық құндылықтар» Ақселеу шығармаларында зияткерлік ойын өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CaUHUYRNqjE/?igsh=MXRwOXNpbGtvYjZq>

Ағылшын пәні мұғалімі «1001 мақал, 101 жұмбақ» танымдық сайысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CZBsF2SN3u2/?igsh=MXB2MDNrMjNzeDVueg==>

Тілдер мерекесіне күніне орайластыра өткізілген А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына байланысты 11 сыныпта «Ұлттық ұлы ұстазы» тақырыбында танымдық сағаты өтті.

<https://www.instagram.com/p/CiH8hpOtUju/?igsh=MTd3dHUyd21tMTBpMQ==>

«Тіл-барлық білімнің кілті» атты 8 Б сынып оқушыларымен танымдық сайыс сабағы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CiM2NrsN4Rv/?igsh=dzNnbW1rODFid2Y5>

Әскери және технологиялық пәнінің бағдарламасына сәйкес оқу-дала жиыны өтті.

<https://www.instagram.com/p/Cs1tKiq7xE/?igsh=MTcwbXpxcnd2anEzNA==>

Чернобыл апатына 36 жыл толуына байланысты Чернобылға қатысқан ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/Cc2VDxystsGs/?igsh=MWg5N3F2ODNuczBweQ==>

Прагматизм бағыты бойынша дене шынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Көңілді сөре» спорттық сайысы өтті. (2021 -2022)

___2023 жылдың 1 маусым балаларды қорғау күні мерекесімен қатар келген, дәстүрге айналған мектеп оқушыларына "Қош бол мектебім!"атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Салтанатты жиынның алғашқы құттықтау сөзін мектеп директоры Кайырова Бақыт Аманбайқызы бастап, 2022- 2023 оқу жылының жетістіктері туралы айтып, жас түлектерге ақ жол тіледі. Жиын қонақтары болып мектебіміздің ардагер ұстаздары, түлектердің ата - аналары қатысты. (2022- 2023

<https://www.instagram.com/reel/Cs8FlyOxoCR/?igsh=OGI4M2U0NWJ1aWc0>

Мектепте оқушылар арасында **құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша** іс-шаралар өткізіледі. Мектепте құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша бағыттары анықталды:

- ✓ Девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерді анықтау және мектепте есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс;
- ✓ Кәмелетке толмағандарды оқумен, үйірме, бос уақыт, әлеуметтік маңызы бар қызметпен қамтумен қамтамасыз ету;
 - Балалар мен жасөспірімдер қылмысының сапалы алдын алуды қамтамасыз етуде педагогикалық ұжымның, ата-аналар қоғамдастығының, мүдделі құрылымдардың (құқық қорғау органдарының, денсаулық сақтау органдарының, мәдениет мекемелерінің) кәмелетке толмағандарға тәрбиелік-түзету әсерін ұйымдастыру;
 - Ата-аналарды, балалар мен жасөспірімдерді құқықтық ағарту;
- ✓ -Суицид пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша балалармен, жасөспірімдермен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары.
 - Мектептің алдын алу кеңесі аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін бақылау.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне алдын алу жөніндегі кеңес жетекшілік етеді. Кеңестің мақсаты: қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мектеп жұмысын ұйымдастыру, білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау. Кеңес құрамына әкімшілік, психолог, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, мектептің ата-аналар комитетінің мүшесі кіреді.

Оқу жылдары	2021-2022 (адам)	2022-2023 (адам)	2023-2024 (адам)
Аудандық есепте	0	0	0
Мектепшілік есепте	3	1	3
Қолайсыз отбасы	2	2	3

Құқықтық тәрбие мен оқытудың, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың күрделі мәселелерін шешуде білім алушыларда ғана емес, ата-аналарда да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуы үлкен рөл атқарады. Аудандық ішкі істер бөлімінде «есепте» тұрған отбасыларымен жеке тәрбие жұмыстары жасалады. Олардың нәтижесі мен есебі «профилактикалық кеңес» отырысында тыңдалады. Мектепшілік есепте тұратын оқушылардың ата – аналарымен тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл оқушылардың тұрмыстық жағдайлары үнемі тексеріліп, АКТ жасалынып отырады. Осы оқушылардың ата – аналарымен мектеп тығыз байланыста, бала тәрбиесі бойынша кеңестер беріледі, ұсыныстар жасалынады. Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы әңгімелер үнемі жүргізіліп тұрады. «Ата-анамен байланыс» дәптері арқылы оқушылардың пән мұғалімдерінің ескертулерін тіркеп, ата-анасымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Бұл оқушыларға қоғамдық жетекшілер тағайындалған, бақылау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Соның нәтижесінде, баланың сабақты себепсіз босатуы азайды. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, ішкі дүниесі мен қылықтарын, іс-әрекеттерін білуге, мінезін түсіну мақсатында мектеп психологымен тиісті жұмыстар атқарылуда. (2021-2024)

2021- 2022 оқу жылында қолайсыз отбасы тізіміне - 2, 2022 -2023 оқу жылында қолайсыз отбасы тізіміне - 2 отбасы тіркелсе, 2023-2024 оқу жылында - 3 қолайсыз отбасы тіркелген. Осы отбасы балаларының күнделікті тәртібін, өзге оқушылармен қарым – қатынасын бақылау, ата – аналарымен тығыз байланыс орнату және бірлескен жұмысты сынып жетекші, әлеуметтік педагог және аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмаған істері бойынша учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе жүргізілуде. Қолайсыз отбасылармен жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді. Жыл көлемінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог және психолог оқушылардың үйлерін аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрмыстық жағдайлары тексеріліп, АКТ жасалынды. Сынып жетекшілері осы отбасы оқушыларына үнемі бақылау жасап, сабақтан қалмауын қадағалап отырады. Осы отбасы оқушыларына мектеп тарапынан өтетін қайырымдылық акцияларында көмек көрсетіледі. Оқу жылы басталған сәттен балалар мен жасөспірімдердің күнделікті сабаққа қатысын қатаң түрде бақылау жұмысы жыл бойы жүргізілген, арнайы журнал басталып, 1-11 сынып оқушыларын күнделікті сабаққа қатысы бойынша мәлімет жинақталып денсаулығына байланысты және себепсіз сабақ босатқан оқушылар мен жекелеген жұмыстар жүргізілді. Жыл бойы әр тоқсан барысында балалар мен жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.(2021-2024)

Мектеп ұжымы құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, келесі жедел алдын алу іс-шараларын атқарады. Оқу жылы барысында кәмелетке толмағандар қылмысы мәселелері бойынша білім алушылармен және ата-аналармен әңгімелер, кездесулер ұйымдастырылды. Жасөспірімдер инспекторымен бірлескен жоспары жүзеге асырылуда. Оқуға келмеген білім алушыларды анықтау, қаңғыбастық пен қайыршылықты болдырмау, балалар мен жасөспірімдердің түнгі уақытта мектеп шағын ауданы бойынша ойын-сауық мекемелерінде, адамдар көп жиналатын орындарда болуына жол бермеу мақсатында 2021-2022 оқу жылының қыркүйек, қазан айларында 6 рейд жүргізілді. 2022-2023 оқу жылында 8 рейд, 2023-2024 оқу жылында - 10 рейд. Рейд барысында 2 оқушы анықталды.

https://www.instagram.com/p/CIefSI4tl_w/?igsh=MWJtbnRnbXd3Y21vNA==

Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасын қалыптастыру және азаматтық жауапкершілігін тәрбиелеу үшін "Жалпыға бірдей құқықтық оқыту" бағдарламасы орындалады, жыл сайын үш жас топтары үшін жалпыға бірдей құқықтық оқытуды өткізу жоспары бекітіледі: бірінші топ – 1-4 сыныптар; екінші топ – 5-8 сыныптар; үшінші топ – 9-11 сыныптар. Апта сайын сынып сағаттарында құқықтық тәрбие бойынша сабақтар өткізіледі. Әкімшілік және қылмыстық заңнама нормаларын түсіндіру бойынша тақырыптық әңгімелер мен дәрістер ұйымдастыру мақсатында білім алушылардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, 1 -4 сыныптар арасында «Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.(2021 -2022)

«Жасөспірімдер суицидінің алдын алу» тақырыбы бойынша интернет желісі арқылы оқушыларға құқық қорғау органдар қызметкерлері және психологтың қатысуымен дәріс сабақ өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CLMSrShnlN2/?igsh=MXdoY3BrZnJvYjU5ZQ==>

<https://www.instagram.com/p/CNpDJEiHYVH/?igsh=MTh6aHY4d2hkOGM1bA==>

«Тәуелсіз елдің ұрпағы» тақырыбында жасөспірімдер инспекторы және учаскелік полициямен кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CWckwEatvpz/?igsh=ZTBmNnM4cWRhNjNv>

«Құқығым бар» балалар ортасында жоғары адамгершілік – рухани, құқықтық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында мектеп көшбасшыларына арналған тренинг өтті.

https://www.instagram.com/p/CWcl2L5t_vt/?igsh=MXM1Ym11eDRmbGlobQ==

кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция лейтенанты Мәжікен Қыдыркелді Төлеуғалиұлы мен Жастар орталығының бас маманы Мадиева Гульзира Дулатқызының қатысуымен «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CWfjaSUNCtx/?igsh=Y2R1bWhmZGZnZDEy>

9-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» айлық акциясы ұйымдастырылды. Балаларға зорлық-зомбылық пен қатыгездікпен қарауға қарсы іс-қимыл шеңберінде сурет көрмесі ұйымдастырылса, баланы қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, «Отбасы және баланы тәрбиелеу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Мектеп қатыгездік пен зорлық-зомбылықтан азат аумақ» тақырыбында оқушыларға ақпарат берілді. Бала құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша және «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

2021 -2022 оқу жылында «Құқықтық сана – қоғамға пана» тақырыбында құқықтық білім, құқықтық тәрбие беру апталығының іс –шара жопары жасалынып, бекітілді.Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат қоя білуге баулы, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Апталықтың салтанатты түрде ашылу лездемесі ұйымдастырылып өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CWkkYJxNSo_/?igsh=MWtjODdzaTZncDV2eA==

<https://www.instagram.com/p/CWkpzFPN5dr/?igsh=MTZ6M213Zjl0OHB1dA==>

https://www.instagram.com/p/CWkqYfyNmL_/?igsh=eGt2ZjhvZHc5MmgY

<https://www.instagram.com/p/CWkrNBhNjEm/?igsh=MTNweWtwa2FmOWdkcA==>

<https://www.instagram.com/p/CWktpuzN-tC/?igsh=b2YwZWduaDJmNWU3>

<https://www.instagram.com/p/CWk54c-NIY6/?igsh=MWk4N2Q5dzBreXh3ZA==>

<https://www.instagram.com/p/CWnbwzgn3IP/?igsh=Njg0M3FpdnVqNTRu> 2022 -

2023 оқу жылында "Бала құқығы- адам құқығы"атты республикалық іс- шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу. Жоспар негізінде "Әр баланың құқығы бар- Каждый ребенок имеет право" 1-8 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. «Бала құқығы – адам құқығы» республикалық огкүндік аясында «Өз құқығыңды білесіңбе?» тақырыбында 2-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сынып жетекшілер «Құқықтық тәрбие – заман талабы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CID1k58NBPS/?igsh=MXBjdHJ5dHEXeGY00Q==>

<https://www.instagram.com/p/CIDhStwNeAa/?igsh=MWNqY2ptYXRwcHg4Yg==>
<https://www.instagram.com/p/CIEB1AuNrdP/?igsh=ZTQ1ZXI0YmRrdDJm>
<https://www.instagram.com/p/CIEC1oIN6A9/?igsh=MXdiejc2NGsycXExOA==>

«Құқық сабақтары – өмір сабақтары» тақырыбында қыз балалардың қатысуымен медицина қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CIBG0G3t-Jc/?igsh=dm5wMW1yeml0bTll>

Мақсаты: оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, оларды өмірде қолдана білуге үйрету Құқықтық сауаттылығын ашу.

Қылмыстың алдын алудың бірден – бір жолы оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түскен. Мысалы, аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ.

Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті. Осы отырыста сынып жетекшілер мен бірлескен "Балаларға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу және оған ден қою бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің іс- қимыл алгоритмі" тақырыбында семинар- тренинг ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: қатысушыларды Алгоритммен жұмыс жасауға үйрету, мектепте балалар үшін қауіпсіз орта құру.

<https://www.instagram.com/p/CIEhENCNueU/?igsh=MXI2ZmRqM2g0YTlsOA==>

<https://www.instagram.com/p/CIEC1oIN6A9/?igsh=MXdiejc2NGsycXExOA==>

Қауіпсіз терезелер"акциясы бойынша мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CquiN10PFpl/?igsh=ZGtxNnNka2liMWYw>

Балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Құқық бұзушылықтың алдын алу аясында мамыр айында ата-аналардың отбасы мен мектептің құқық бұзушылық пен қараусыз қалудың алдын алу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. (2022 -2023)

8-11 сынып оқушыларымен "Заң балалық шақтың сақшысы" атты жасөспірімдер инспекторымен кездесу өтті. Кездесуге ауданымыздың АПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Қыдыргелді Төлегалиұлы мен Жаңаарқа ауданының полиция бөлімі жергілікті полиция қызмет бөлімшесі кәмелетке толмағандар істері бойынша аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Абикеев Айдос Мырзаұлы қатысты.

<https://www.instagram.com/p/CWkqYfyNmL /?igsh=eGt2ZjlvZHc5MmgY>

«Бақытты ана- бақытты бала – бақытты ел» тақырыбында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша мемлекет іске асыратын іс-шаралар туралы хабардар ету мақсатында көп балалы ата-аналармен мектеп психологы кездесу ұйымдастырылды. Құқығым бар тақырыбында оқушылар эссе жазды. (2022 -2023)

<https://www.instagram.com/p/CIDgJkoNd9i/?igsh=djIjZjhlYjdiOGs4>

- әр сынып жетекші әр күнгі және апта бойғы оқушылардың сабақты босатуы жайлы есеп берді;
- сабақ босатқан оқушылардың себебі анықталды (анықтама қағазының болуы);
- ата-анасымен әр күні байланыс жасалды;
- қажетінше тиісті шаралар қолданылды;
- Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеретін журналдың бүтіндігі тексеріліп тұрды;

2021-2022 оқу жылында – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мектеп оқушыларымен 4 алдын алу кездесуі өтті, 2022-2023 оқу жылында – 5, 2023-2024 оқу жылында – 9. Оқушылардың мектеп Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін бұзуы анықталмады.



Мектепте 5 адамнан тұратын жас полиция көмекшісі жұмыс істейді. Кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Аманкелді Рахат Төлеуғалиұлы, мектеп психологі А.Д.Шагирова ауызша журналдар, дәрістер мен зияткерлік ойындар әзірленіп, өткізіледі, құқық бұзушылықтың алдын алу және жалпыға бірдей құқықтық оқыту тақырыптары бойынша ақпараттық қабырға газеттер шығарылады.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген оқушыларға уақытылы көмек көрсету үшін мектепте "Сенім жәшігі" орнатылған. "Сенім жәшігі" жұмысы кезінде балалар мен жасөспірімдердің заңсыз іс-әрекеттеріне және білім алушыларға көмек көрсетуге байланысты өтініштер түскен жоқ.

2021-2024 жылдар аралығындағы психологиялық қызметтің жұмысына жүргізілген талдау нәтижесінде осы кезеңде девиантты мінез-құлық жағдайларының төмендегені анықталды:

Жағдайлары	2021-2022 Істер саны	2022-2023 Істер саны	2023-2024 Істер саны
Суицид	0	0	0
Тұрмыстық зорлық-зомбылық	0	0	0
Құқық бұзушылықтар	1	1	1
Ерте жүктілік	0	0	0

Оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында мектебімізде психологиялық қызмет жұмыс істейді.

Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларына жан-жақты әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылардың психологиялық дамуының ерекшеліктерін диагностикалау, диагностикалық жұмыстардың нәтижелерін бақылау;

- білім алушыларға дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің өзекті мәселелерін шешуге көмектесу (оқу қиындықтары, кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынас мәселелері);

- мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды үйлестіруге педагогикалық ұжымға көмек көрсету;

- оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің психологиялық мәдениетін дамыту;

- оқушыларда дұрыс өзін-өзі бағалауды дамытуға ықпал ету, мектептегі қорқыныш пен алаңдаушылықты жою;

- әр жас кезеңінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету;

- балалардың танымдық және эмоционалды-еріктік салаларын дамытуға белсенді қатысу;

- тұлға дамуының әрбір жас кезеңінде танымдық үрдістің дамуына ықпал ету жұмыстарын жалғастыру;

- ынтасы төмен балаларға көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау.

Берілген міндеттерді орындау бойынша жұмыстар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, мұғалімдермен бірлесе отырып жүргізіледі.

Білім беру үрдісін психологиялық қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психодиагностика, психотәрбиелеу, психологиялық алдын алу, психологиялық кеңес беру, психотүзету және дамыту, білім беру қызметінің барлық субъектілерімен әлеуметтік үйлестірілімділік қызмет.

«Ақселеу Сейдімбек атындағы жалпы білім беретін мектебі»

КММ -нің психологиялық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы негізгі құжаттарына негізделеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;

- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2021 жылғы 24 қараадағы өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2021 ж.);

- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 01.07.2021 ж. (өзгертулер мен толықтырулармен);

- «Неке ерлі-зайыптылық және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 01.07.2021 ж.);

- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Педагог-психолог өз қызметінде жұмыстың барлық бағыттарын қамтитын құжаттаманы жасайды (номенклатура бойынша құжаттар тізімі):

13-01	Психологиялық қызметтің жұмысы нормативті құқықтық құжаттары (ережелер, талаптар, нұсқаулықтар және т.б.)	Тұрақты 2 тармақ 1 тармақша Қажеттілік өткенге дейін
13-02	Психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары	5 жыл 172 тармақ 1 тармақша
13-03	Психологиялық қызметтің жылдық есептері (есептік-тіркеу құжаттары)	5 жыл 367 тармақ 1 тармақша
13-04	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс құжаттары: - Жоспарлар; - Есептер; - Басқа құжаттар	1 жыл 512 тармақ
13-05	Аутодеструктивті жүріс-тұрысты оқушылармен алдын алу жұмыс құжаттары: - өзіне-өзі қол жұмсауды алдын алу; - жинақтаушы материалдар	10 жыл 24 тармақ
13-06	Зорлық-зомбылықты алдын алу құжаттары: - Жоспарлар; - Ақпараттар; - Басқа құжаттар	1 жыл 512 тармақ
13-07	Ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары	10 жыл 24 тармақ
13-08	Психологиялық кеңес журналы	1 жыл 512 тармақ
13-09	Кеңес беру есебінің журналы	5 жыл п. 535
13-10	Жеке жұмыс бойынша құжаттар	Қажеттілік өткенге дейін
13-11	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу туралы құжаттар	5 жыл п. 796
13-12	Номенклатуралық істер тізімі	Үнемі
13-13	Психологиялық-педагогикалық консилиум балаларын жазу журналы	Үнемі
13-14	ППК отырыстарын тіркеу журналы; ҚПҚ қорытындылары мен ұсынымдарын тіркеу журналы	Үнемі

13-15	Динамикалық бақылауда тұрған балалардың есебін жүргізетін журнал	Үнемі
13-16	Оқушыларға консилиум үшін мамандар ұсыну	Үнемі

2021 жылдың сәуір айынан бастап педагог-психологтің құжаттамасы HR+ психологиялық-педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесі аясында электронды форматта жүргізілуде.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналар мен мұғалімдер психодиагностика нәтижелерімен таныстырылды (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке кеңес беру кезінде).

Педагог-психологтің психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:

- 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу офлайн
 - 1, 11-сынып оқушыларының мотивациялық аумағын зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
 - 1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы МЭДИС (офлайн);
 - Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
 - 7-11-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша диагностика: (HR+ жүйесі аясында цифрлық кәсіптік бағдар беру науқаны);
 - тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеу (социометрия) (HR+ жүйесі шеңберінде);
 - 9, 10-сыныптар үшін мазасызданудың Кондаш диагностикасы (HR+ жүйесі аясында);
 - 7 және 9-сынып оқушыларының агрессивтілік түрін анықтау диагностикасы (Бассар-Дарки тесті) (HR+ жүйесі шеңберінде);
 - 9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы ШТУР (HR+ жүйесі шеңберінде);
- Диагностикалық зерттеулердің нәтижелері кестеде келтірілген.

«Ақселеу Сейдімбек атындағы жалпы білім беретін мектебі»

КММ-нің 3 жыл бойынша психологиялық диагностикалар нәтижелерінің мониторингі

№	Диагностика	Оқу жылдары		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Интеллектуалдық даму диагностикасы	Ж.-53% О.-40% Т.-7%	Ж.-55% О.-43% Т.-2%	Ж.-55% О.-35% Т.-10%
2	Мотивацияның қалыптасқанын зерттеу	Ж.-58% О.-40% Т.-2%	Ж.-61% О.-36% Т.-3%	Ж.-64% О.-33% Т.-3%
3	Тұлғааралық қатынастарды зерттеу (социометрия)	Жұлдыздар-4% Қалаулы-20% Қабылданған-55% Елеусіз-21% Бас тарт.-0%	Жұлдыздар-10% Қалаулы-35% Қабылданған-55% Елеусіз-0%	Жұлдыздар-10% Қалаулы-35% Қабылданған-55% Елеусіз-0% Бас тарт.-0%

			Бас тарт.-0%	
4	5-сынып оқышыларының мектептегі мазасыздану деңгейін зерттеу	Ж.-4% О.-57% Т.-39%	Ж.-3% О.-35% Т.-62%	Ж.-2% О.-7% Т.-91%
5	1-сынып оқушыларының бейімделуі	Ж.-50% О.-42% Т.-8%	Ж.-51% О.-40% Т.-9%	Ж.-50% О.-45% Т.-5%
6	5-сынып оқушыларының бейімделуі	Ж.-45% О.-52% Т.-3%	Ж.-50% О.-45% Т.-5%	Ж.-62% О.-38% Т.-0%

Ескерту:

Ж. – жоғарғы деңгей


О. – орта деңгей

Т. – төмен деңгей


2021-2022 оқу жылының 1 сынып оқушыларының бейімделудің нәтижесі




2022-2023 оқу жылының 1 сынып оқушыларының бейімделудің нәтижесі



2023-2024 оқу жылының 1 сынып оқушыларының бейімделудің нәтижесі



Социометриялық зерттеулердің нәтижелері 3 жыл




Социометриялық мәліметтерді салыстырмалы талдау мектеп ұжымындағы оқушылар үшін жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды көрсетеді.

2023-2024 оқу жылының I тоқсанында қарым-қатынас әл-ауқатында орташа деңгейлі («қабылданғандар» 55%) оқушылардың басымдығы байқалады. Топтағы қабылданбағандар анықталған жоқ (0%).

1-11 сынып оқушыларының оқу мотивациясының қалыптасуының 3 жылдағы сауалнама нәтижелері

Танымдық мотивацияның қалыптасуын зерттеу барысында I тоқсанда 1-11 сынып оқушыларының 64% танымдық мотивацияның оңтайлы деңгейін көрсеткені анықталды, бұл өткен жылымен салыстырғанда 3% жоғары. Бұл оқушылар өз білімдерін тереңдетуге, көшбасшылар қатарында болу үшін жақсы оқуға, факультативтер мен үйірмелерге қатысуға ұмтылады, өйткені олар мұғалімдердің сабақта талап ететінінен көбірек білгісі келеді.




2023-2024 оқу жылының I тоқсанында танымдық мотив жетекші орында (64%) – бұл оқушылар білім алудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған білімді өз бетінше меңгеру әдістеріне, ғылыми білім әдістеріне, өзін-өзі реттеу әдістеріне қызығушылықтары тәрбие жұмысының, олардың тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыруы.

Екінші орында жетістік мотивтері (33%), жетістікке жетуге ынталы оқушылар әдетте алдына қандай да бір оң мақсат қояды, оны жүзеге асыруға белсенді қатысады және мақсатқа жетуге бағытталған құралдарды таңдайды.

Үшінші орында, көрсеткіштер бойынша, өзін-өзі дамыту мотиві (3%) – қызмет үрдісі мен нәтижесіне қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, адамның кейбір қасиеттері мен қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу нәтижелері 3 жылғы




Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау 1-11 сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы деңгейінің 2023 жылы I тоқсанда 1%-ға өскені анықталады. Зерттеу талдауы көрсеткендей, 1-11 сынып оқушылары үшін ең қиын тапсырмалар нысандар мен ұғымдарды жалпылау және салыстару қабілетіне арналған тапсырмалар болды.

Оқушылар тапсырмаларды орындау қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары бойынша тапсырмаларда ең көп қателік жіберді. Оқушылар физика, математика және гуманитарлық пәндер бойынша тапсырмаларды сәтті орындады.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын одан әрі дамыту үшін сынып жетекшілеріне тақырыптық сынып сағаттарында әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен кинезиологиялық жаттығуларды қолдану ұсынылды.

Бірінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы




Психологиялық қызмет жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі 1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі болып табылады, өйткені бұл кезеңде оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-еріктік бөлімдерінің қайта құрылымдауы жүреді.

Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2023 жылы I тоқсанда үлгерімі жоғары оқушылар санының 5%-ға төмендегенін көрсетеді.

1 сынып оқушыларының аз бөлігі әлі де оқу іс-әрекетінде қиындықтарды бастан кешіреді (эмоционалды-еріктік бөлімінің бұзылуы, сондай-ақ ата-ана бақылауының болмауы себеп болуы мүмкін).

Оқуда қиындықтары бар барлық оқушылар психологтің көмегі ұсынылды. Мұғалімдерге оқушылармен саралау әдісін қолдану ұсынылды.

Бесінші сынып оқушыларының бейімделу нәтижесі 3 жылғы



Бейімделу бойынша зерттеу нәтижелерін талдау 2023 жылдың I тоқсанда 5-сынып оқушылары арасында бейімделуге қиын 0% екенін анықтады.

«Ақселеу Сейдімбек атындағы жалпы білім беру қызметінің сапасына қанағаттанушылықты зерттеу нәтижелері»

Мектебімізде көрсетілетін қызметтердің сапасын қанағаттандыру мақсатында 2023 жылдың қыркүйегінде зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: білім алушыларға 16 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді.

Мектептегі ішкі психологиялық климат (1,2 сұрақ)

Мұғалімдердің оқушылар арасындағы қарым-қатынас (3,4 сұрақ)

Оқушылардың жеке, шығармашылық қабілеттерін дамыту (12 сұрақ)

Оқушылардың қауіпсіздігін, жайлылығын және сенімділігін сезіну (5,6,7,8,9,10,11 сұрақ)

Оқушылардың мектеп өміріне деген қызығушылығы (13,14,15 сұрақ)

Өндеу барысында әрбір көрсеткіш респонденттердің жалпы санынан пайызбен көрсетілді.

Нәтижелерді интерпретациялау: қанағаттану көрсеткіші (Қ) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер Қ 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін - қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер Қ 2-ден аз болса, қанағаттанудың дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттанудың деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

2023 жылдың қыркүйегінде сауалнамаға 2-11 сыныптардың 208 оқушысы (жалпы оқушылар санының 93%) қатысты.


Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – оқушы 66%

Орташа дәрежелі Қ – оқушы 34%

Төмен дәрежелі Қ – оқушы 0%

Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:



2023 жылға арналған оқушылар сауалнамасының нәтижелері.

Қорытынды: жалпы алғанда оқышылардың қанағаттануының жоғары және орташа дәрежесі 93% құрайды, бұл қанағаттанудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2023 жыл
1	Маған өз мектебімде оқу қызықты	100%
2	Менің сүйікті пәндерім бар (егер бар болса, қандай)	95%
3	Менің сүйікті ұстаздарым бар	97%
4	Қиын жағдайда кеңестермен көмек алу үшін біздің мектеп мұғалімдеріне жүгінуіңізге болады	100%
5	Сабақта өз ойымды еркін айта аламын	100%
6	Сабақ барысында мұғалім менің тәрбиемді емес, білімімді бағалайды	92%
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	15%
8	Менің мектебімде топтық және жеке жұмыстардың саны күніне екеуден асады	95%
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз және психологиялық жайлы сезінемін	98%
10	Тамақтың сапасына көңілім толады	85%
11	Мен өз құқықтарымды білемін	97%
12	Мектептегі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	70%
13	Менің мектептегі іс-шараларға қатысуға деген құлшынысы мен қажеттілігім бар	83%
14	Менің жетістігім мектебімде пайдалы әрі маңызды іспен айналысқанда байқалады	95%
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқитынымды мақтан тұтамын	100%
16	Пікірлер, сұрақтар	18%

2023 жылға арналған сауалнамадағы әрбір сұрақ бойынша нәтижелерді бақылау.

16-сұрақ бойынша 80 адам (27%) пікір жазды.

Пікірлер келесідей болды:

- мектебіміздің гүлденуіне тілектестік білдіріп, алғысын білдірді – 62 оқушы. (35%);
- мектеп асханасында кәсіп арқылы төлеуге рұқсат ету – 15 оқушы. (6%);
- спорттық аяқ киім (кроссовки) киюге рұқсат – 3 оқушы. (1%).

Ата-аналардың қанағаттануын зерттеу

Білім сапасы оқу жағдайларының кең ауқымын білдіреді. Білім сапасын өлшеу үшін статистикалық көрсеткіштер, тіпті өте егжей-тегжейлі және сенімді көрсеткіштер жеткіліксіз, бұл параметрлердің адамдардың қажеттіліктеріне сәйкестігін субъективті бағалау қажет. Субъективті бағалау маңызды, себебі олар әлеуметтік және демографиялық топтар бойынша сараланады және қоғамның білім беру қажеттіліктерінің жан-жақты бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Демек, білім сапасы – білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың объективті көрсеткіштері мен субъективті бағалауларында көрініс табатын және қоғамдағы мәдени ерекшеліктерге, құндылықтар жүйесіне және әлеуметтік стандарттарға байланысты адамдардың өзінің білім дәрежесін қабылдауымен байланысты білім беру жағдайларының кешенді сипаттамасы.

Осы білім сапасының түсінігіне сәйкес ата-аналардың (занды өкілдердің) оқу үдерісіне және мектептегі білім беру қызметінің сапасына қанағаттануына зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдісі: сауалнама жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: ата-аналарға 17 сұраққа жауап беру ұсынылды, онда келесі көрсеткіштер анықталды:

- Балалардың мектепте болу жағдайларына қанағаттануы (1, 2, 5, 6, 13, 14, 17 - сұрақтар)
- Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру және мектепті басқару саясаты (8, 10, 16 - сұрақтар)
- Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ата-аналардың мектеп жұмысына қанағаттануы (12, 15 - сұрақтар)
- Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қанағаттанушылық (9, 11 - сұрақтар)
- Балалардың алатын білім сапасына қанағаттануы (3, 4, 7 - сұрақтар)

Нәтижелерді талдау: қанағаттану көрсеткіші (К) – барлық респонденттердің жауаптарының жалпы балын жауаптардың жалпы санына бөлу коэффициенті. Егер К 3-тен үлкен немесе тең болса, қанағаттанудың жоғары дәрежесі; 2-ден 3-ке дейін - қанағаттанудың орташа дәрежесі; егер К 2-ден аз болса, қанағаттанудың дәрежесі төмен. Содан кейін қанағаттанудың деңгейі жоғары, орташа және төмен респонденттердің саны есептеледі.

Зерттеудің мақсаты ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын зерттеу болды.

Зерттеу әдісі – социологиялық сауалнама (сұрақ қою).

2023 жылдың қыркүйек айында 350 ата-ана қатысты.


Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 295 ата-ана 84%

Орташа дәрежелі Қ – 45 ата-ана 12%

Төмен дәрежелі Қ – 10 ата-ана 2%

Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері:



2023 жылға арналған ата-аналар сауалнамасының нәтижелері.

Қорытынды: жалпы ата-аналардың қанағаттануының жоғары және орташа деңгейі 96% құрайды, бұл қанағаттану деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді.

Әрбір әдіс сұрағына оң жауаптардың нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2023 жыл
1	Менің балам мектепке барғанды ұнатады	95%
2	Сыныпта жағымды атмосфера қалыптасады	97%
3	Мектеп сапалы білім береді	100%
4	Балама оқу пәндері оңай	83%
5	Мұғалімдер баламыздың оқудағы жетістігін әділ бағалайды	93%
6	Балама сабақ, үй тапсырмалары шамадан тыс жүктелмейді	95%
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері баламыздың қабілетінің көрінуіне және дамуына жағдай жасайды	96%
8	Балама оқудағы жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттың сапасына қанағаттанамын	95%
9	Мектептегі мектептен тыс іс-шараларға, үйірме, т.б. жұмыс түрлеріне ризамын	88%
10	Баламның сынып жетекшісінің жұмысына ризамын	100%
11	Мектепте балаларымыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	90%
12	Мектеп асханасының жұмысына көңілім толады	89%
13	Мұғалімдер педагогикалық этика нормаларын сақтайды	92%
14	Балам мектепте өзін қауіпсіз сезінеді	95%

15	Мектеп баламыздың денсаулығына мән береді	91%
16	Мектеп әкімшілігінің жұмысына ризамын	92%
17	Мектеп өміріне қатысуына деген ынтам бар	85%
18	Пікірлер, сұрақтар.	30%

2023 жылға арналған әрбір әдіс мәселесі бойынша нәтижелердің мониторингі.

18 сұрақ бойынша 65 адам (18%) пікір жазды.

Пікірлер келесідей болды:

- мектептің өркендеуіне тілектестік білдіріп, алғыс білдірді – 295 ата-ана (84%);
- қосымша үйірмелер мен секциялар – 30 ата-ана (8%);
- асханаға онлайн төлемді енгізу – 25 ата-ана (7%)

Қорытынды:

Ата-аналардың көпшілігі мектепте оқитын балалардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыратынын, құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін, уақытын қызығушылықпен және пайдалы өткізуді, түрлі деңгейде ұйымдастырылатын шараларға қатынасатынын атап өтті.

Сондай-ақ ата-аналар мектепте оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

Сауалнама барысында ата-аналарға мекеме мен ата-аналардың өзара әрекеттесу деңгейін бағалау сұралды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі өз балаларының жетістігі туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын, мұғалімдер мен әкімшіліктің балаларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде әртүрлі көмек көрсететінін атап өтті.

Мұғалімнің қанағаттанушылығын зерттеу

Зерттеу әдісі: сауалнама түрде жүргізілді.

Әдістеменің сипаттамасы: мұғалімдерге 15 сұраққа жауап беру ұсынылды, бұл келесі көрсеткіштер анықтауға мүмкіндік берді:

- Жұмысты ұйымдастыруға қанағаттанушылық (1, 2, 3, 8 сұрақ)
- Мұғалімнің кәсіби және басқа да жеке қасиеттерін көрсету және жүзеге асыру мүмкіндігіне қанағаттану (1, 11, 12 сұрақ)
- Мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (4, 7, 9 сұрақтар)
- Оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасқа қанағаттанушылық (5, 13, 14 сұрақтар)
- Мұғалімнің іс-әрекетін қамтамасыз етуге қанағаттанушылық (1, 6, 10 сұрақ)

2023 жылдың қыркүйек айында 40 мұғалім қатысты.

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 35 мұғалім 88%

Орташа дәрежелі Қ – 5 мұғалім 12%

Төмен дәрежелі Қ – 0 мұғалім 0%

Педагогтердің сауалнамасының нәтижелері:

2023-2024 оқу жылының мектептегі жұмысына мұғалімнің қанағаттануының қорытынды көрсеткіштері



Мұғалімдердің 2023 жылғы сауалнамасының нәтижелері.

Қорытынды: мектептегі жұмыс сапасына мұғалімдердің 100%–ы қанағаттанады.

Әрбір сауалнама сұрағына оң жауаптар нәтижелерінің кестесі

№	Сұрақ	2023 жыл
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	100%
2	Маған тиімді әдістемелік көмек көрсетіледі	100%
3	Жұмыс жағдайына көңілім толады	100%
4	Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне көңілім толады	100%
5	Мектеп оқушылар арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, тиімді шешеді	95%
6	Мектептің оқу-материалдық базасына көңілім толады	83%
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан	100%
8	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	98%
9	Оқу сабақтарының сәтті өтуі үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдармен қамтамасыз етілген	85%
10	Мектеп менің кәсіби және шығармашылық өсуіме жағдай жасайды	92%
11	Мектепте мұғалімдерді ынталандыру әдістері белгіленген	95%
12	Мен жұмыс жасайтын сыныптарымда балалар білімге ұмтылады	98%
13	Оқушыларыммен қарым-қатынасыма көңілім толады	99%
14	Сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма көңілім толады	100%
15	Пікірлер, сұрақтар.	15%

2023 жылға арналған әрбір әдіс мәселесі бойынша нәтижелер. 15 мұғалім (38%) 15 сұраққа пікір жазды.

Пікірлер келесідей болды:

- мектептің материалдық-техникалық базасының сапасын арттыру 9 мұғалім (60%);
- мұғалімдерді ынталандыру жүйесін жетілдіру 3 мұғалім (20%);

- мектептің көркеюіне тілектес 3 мұғалім (20%).

Сауалнама нәтижелерінен қорытынды: білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың сауалнама нәтижелерін талдау негізінде мектеп жұмысына, яғни мектеп қызметіне қанағаттану деңгейі басым деп айтуға болады, табысты және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырады деп санауға болады.

Мектеп педагог-психологінің ата-аналармен жүргізілетін ағарту және алдын-алу жұмыстарының мазмұны балалардың өзекті мәселелерін талдау болып табылады.

Сынып жиналыстарында, тәрбие күндерінде психологиялық әңгімелесу кезінде педагог-психолог баланың дамуының осы кезеңінде тиімді болатын ата-ана мен бала қарым-қатынасының түрлерін ұсынады.

Оқу жылында келесі ата-аналар жиналысы өткізіледі:

- «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»;
- «5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде ата-аналарға психологиялық көмек көрсету»;
- «Жасөспірімдердің ата-аналарына психологиялық көмек»;
- «4-сынып оқушыларының орта білімге көшуге дайындығы» тренинг элементтерімен (4-сынып);
- «Мен табысты ата-анамын»;
- «Мен және менің балам»;
- ата-аналарды 7-11-сыныптардағы цифрлық кәсіптік бағдарлау HR+ жүйесі компаниясы туралы ақпараттандыру (бағдарламасы бойынша);
- аудандық ата-аналар форумына қатысу (2022-2023 оқу жылы).

Ата-аналармен кеңес беру, алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін жеке консультациялар (сұраныс бойынша) өткізіледі.

Психологиялық қызмет «Мектеп қауіпсіздік» тобымен бірлесіп, өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушылармен тұрақты түрде жұмыс жасайды:

- оқушылардың жеке қасиеттерінің диагностикасын ұйымдастыру және жүргізу (ата-аналарының өтініші бойынша);
- оқушылардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, алаңдаушылық, агрессивтілік деңгейін төмендетуге, әлеуметтік интеллектін арттыруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке түзету сабақтары;
- мектептің ақпараттық сайтында және жасөспірімдер чаттарында сенім телефондарын орналастыру.

Жеткіншектердің тұрақты тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау мақсатында орта буын оқушылармен пән мұғалімдері «Жаһандық күзінеттіліктер» факультатив сабақтары өткізіледі. Сабақ барысында мәселелік өмірлік жағдаяттарды өз бетінше сәтті жеңуге, мектептен кейінгі тәрбиелік және қоғамдық ортаға әлеуметтену күзінеттілігін қалыптастыру дағдылары мен біліктері қалыптасады. Сабақтағы жұмыс әдістеріне лекция, әңгімелесу, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар, семинарлар, тренингтер, жаттығулар жатады. Оқушылардың үрдіске белсенді субъективті қатысуын көздейтін интерактивті формалар басым қолданылады. Таңдау бойынша қорытынды жұмыс – «Біздің сынып» жобасын топтық құрастыру және қорғау.

Мектепте жоғары сынып оқушыларының оқу бейінін және болашақ кәсіптік қызмет саласын таңдау үрдісінде оқушыларға кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету мақсатында педагог-психологтар «Мамандар әлемінде» психологиялық сабақтарын жүргізеді. Оқушылар мамандықтар әлемімен, еңбек нарығының талаптары мен білім

беру қызметтерімен, мамандық тандау ережелерімен танысады. Бұл психологиялық сабақтарда жүйке жүйесінің ерекшеліктерін, ойлауын, мінез-құлқын, қызығушылықтары мен кәсіби бейімділіктерін зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістер қолданылады. Жұмыс ойын әдістерін, модельдеу әдістерін, диагностикалық әдістерді, топтық жұмыс әдістерін, тренингтерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Психологиялық сабақтардың нәтижесі оқушылардың «Менің болашақ мамандығым», «Ата-анамның мамандығы», «Менің арманымдағы мамандық» тұсаукесерлері болады, олардың ең үздіктері әртүрлі кәсіптік бағдар беру байқауларына қатысады.

Емтихан тапсыру кезінде (9 және 11-сыныптар) оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренинг элементтері бар бірқатар сабақтар өткізіледі:

- «Емтихан тапсыруға психологиялық тұрғыдан қалай дайындалу керек?»;
- «Стресс. Стрестік жағдайдан шығу жолдары»;
- «Өзінді басқаруды үйрен»;
- «Жақында емтихандар» (кеңестер, бейнероликтер, 9-11-сыныптар) т.б.

Психологиялық қызметтің маңызды бағыты оқушылардың аутодеструктивті және қоғамға жат мінез-құлықтарының алдын алу болып табылады.

Жұмыс бекітілген жоспар бойынша оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушылармен: оқушылармен, мұғалімдермен, мектеп техникалық қызметкерлерімен, ата-аналармен жүргізіледі.

Жыл бойына бірқатар іс-шаралар өткізіледі:

- әртүрлі тақырыптарда ата-аналар жиналысын өткізу;
- аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және қорғаншылықтағы балалардың тұрмыс-жағдайын тексеру;
- арнайы педагогикалық назарды талап ететін балалардың деректер банкіні құрастыруға назар аудару;
- оқушылармен жеке сабақтар (ата-аналар өтініші бойынша);
- 1-11-сынып оқушылары үшін «Қауіпсіз интернет» сынып сағаттары;
- «Эмоциялар. Эмоцияларды басқару», «Психикалық денсаулық дегеніміз не?», «Біз кім үшін және не үшін оқимыз?», «Бұл қиын жастық шақ» (5-6 сыныптар); «Мектептегі жанжалдардың алдын алу»;
- қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық, жеке шекара тақырыптары бойынша сабақтар;
- психологиялық мәселелер туындағанда ата-аналарға, балаларға немесе мұғалімдерге жедел кеңес беру.

Сынып жетекшілері мен мектеп мұғалімдеріне психологиялық тәрбие беру мақсатында жыл бойына «Мұғалімдердің эмоционалдық күйзелуі», «Мектептегі буллингтің алдын алу», «Мектеп оқушыларын оқуға қалай ынталандыру керек?», «Ұжымдағы қақтығыстарды қалай шешуге болады?» атты семинарлар өткізіледі т.б.

Емтихан кезінде оқушыларды педагогикалық қолдау және сүйемелдеу үшін сынып жетекшілер мен мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар әзірленді.

Мектептің қауіпсіздік командасымен бірлесіп жыл сайын мектеп оқушыларымен құқықтық сауаттылық апталығы, инабаттылық сағаты, «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Төзімді бол», «Алғыс айтуды үйрен» т.б. тренингтер өткізіліп тұрады.

Ата-аналармен жұмыс жасау бойынша ұсыныстар әзірленеді: «Балалармен қарым-қатынас жасау ережелері», «Балалық шақтағы агрессияның алдын алу», «Ата-анаға 10 өсиет», «Сіздің балаңыз – бірінші сынып оқушысы», «Z ұрпағымен қалай қарым-қатынас жасау керек» т.б.

Сынып жетекшілеріне - «Оқушылармен психологиялық денсаулықты сақтау сабағын қалай өткізу керек».

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына, психологиялық денсаулығын сақтауға және оқу-тәрбие үдерісін барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсетуге барынша көмек көрсетеді.

2021 жылдан 2024 жыл аралығында мектепте қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылар болған жоқ. Алайда, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар, өгей әкесімен, өгей анысымен бірге тұратын және қолайсыз отбасында тәрбиеленетін балалардың психоэмоционалдық жағдайы үнемі бақыланып, қадағаланады. Бұл балалармен жеке әңгімелер жүргізіліп, кеңестер беріледі. Сынып жетекшілер балаларға арналған іс-шараларды ұйымдастыруда, оларға қиын өмірлік мәселелерді, жанжалды жағдайларды шешу жолдары мен жауаптарын көрсетеді, жеке көмек көрсете отырып, практикалық сабақтарға да көп көңіл бөлінеді. Сабақтың мақсаты-балаларды өз іс-әрекеттері мен салдарын талдауға үйрету, қиындықтарды жеңуге үйрету, дененің стреске төзімділігін арттыру. Дағдарыстық жағдайлардың алдын алу және оқушылардың психологиялық күйзелісін түзету мақсатында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді: сынып сағаттары, тұлғааралық қарым-қатынас тренингтері. Психологпен, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагогпен бірлесіп ұсынымдар әзірленді. Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға арналған баяндамалар оқылып, тренингтер жүргізіліп, жадынамалар таратылды.

2021-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. 2021 оқу жылының басында көп балалы отбасылар мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатқан білім алушылар тегін мектеп формасымен қамтылды. 26 оқушының тізімі және жиналған құжаттар негізінде 26 оқушыға толық комплектілі мектеп формасы мен аяқ киімдері таратылды.

Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының мектеп оқушыларының мектепке толық қамтылуын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында "Мектепке жол" республикалық акциясы өтті. Акция еліміздің барлық аймақтарында "Балаларға бірге көмек берейік» ұраны бойынша өткізілді.

Оқу жылында «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы аудандық бұйрық негізінде жұмыс жоспары әзірленді.

Акция мақсаты: Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша 1 қыркүйекте мектепке балалардың келмеуінің алдын алу. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасы балалары туралы деректер жинақталды. Акция барысында

